Райымбек аудандық

аумақтық сайлау комиссиясының

төрағасы С.Сатылғановқа

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Хантәңірі» газетінің (бұдан әрі газет) меншік иесі «Хантәңірі редакциясы» ЖШС-нің 2026 жылғы 29 қарашада өтетін Мәслихаттар депутаттарының сайлауына, кандидаттарға үгіт материалдарын орналастыру үшін басылым алаңдарын беру шарттары мен тәртібі жөнінде төлем мөлшері.

ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҢДАРЫН БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

Газет үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін басылым алаңдарына береді.

Газетке жазбаша өтініш осы ақпараттық хабарлама негізінде 2026 жылдың 2 қарашадан, 2026 жылдың 26 қарашасына дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайынғы сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін Нарынқол ауылы, Б.Соқпақбаев көшесі, 20/1 мекен-жайы бойынша қабылданады.

Жарияланымдарда ақпаратты берген тұлғаның тегі, қаржыландыру көздері, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, олардың төленуі туралы ақпараттар болуға тиісті.

Баспалық материалдарды орналастырудың кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу реттілігіне байланысты газетпен белгіленеді.

ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ

Газетке үгіттік баспа материалдары газетте жарық көретін күнге 3 (үш) күнтізбелік күн қалғанға дейін модульдер немесе мақалалар түрінде тапсырылуға тиісті.

Газет материалдарда конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігін бүлдіруге, әлеуметтік нәсілдік, ұлттық, діни, тептық және рулық алауыздық тудыруға,

сондай-ақ, заңмен қарастырылмаған және заңмен қарастырылған, тағы басқа да негіздерде әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары көрініс берген жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы. Газет саяси партиялардың абыройы мен қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпараттар болған жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген басылым алаңдарын берудің шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талабына сай түзетілуі мүмкін.

ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҢДАРЫН ТӨЛЕУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МӨЛШЕРІ

Үгіттік материалдарды орналастыруға арналған басылым алаңдарының 1 шаршы см. бағасы 250теңге.

Газеттің арнайы сайтында үгіт материалдарын орналастыруға 1 символға 5 теңге, 3000 символдан асса 3 теңге.

Төлем серіктестік берген есепшот негізінде сол есепшот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген серіктестіктің банктік реквизиттеріне төленеді.

Директор **П. Ізтелеу**